Бекітемін
№29 «Ай-Жерім» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
К.К. Сейдалиева




«Ақжелкен» ересек тобы

Тәрбиеші:Игиликова С.

Шымкент 2022

Scanned by TapScanner

## *Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет.*

**Тобы:** **« Акжелкен »** ересек топ

**Тақырыбы:** ***«Математика әлеміне саяхат»***

**Өтілетін күні: 30.11.2022ж**

**Білім бағыты: -Физикалық дамыту;**

**-Коммуникативтік дағдыларын дамыту;**

**-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;**

**-Шығармашылық дағдыларын,зертеу іс-әрекетін дамыту;**

**-Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асырылады.**

**Мақсаты:**

**Математикалық ұғымдарды бекіту.**

- Сандарды білуге,кері санай алуға,заттың санын білуге,математикалық ойындарды білуге үйрету.
- Балаларды ойын-әрекет арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытып,сөздік қорын молайту.

**Міндеті: Ойындар арқылы пішіндер туралы білімдерін пысықтап, пішіндерді бір-бірінен ажыратып айта білуге үйрету.**

- Берілген тапсырманы өз бетінше орындап,жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.
- Топпен жұмыс істеуге ,ұғымталдыққа әдептілікке тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** геометриялық пішіндер және 1.2.3-дейінгі сандар.

**Әдіс – тәсілдер: түсіндіру,сұрақ-жауап,дамытушы ойындар.**

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі.** | **Тәрбиеші:** балаларды таңертең көңілді қабылдап алады. «пішіндер арқылы»музыкамен қабылдау.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Музыка :Шаттық– іс әрекет арқылы.<br>**Ғажайып сәт:** Математика әлемінің Білімпазы.<br>Ой, мұнда шулап менің ұйқымды бұзған кімдер екен?Мұнда қайдан жүрсіңдер бұл менің әлемім бұл жер Математикаға саяхат жасайтын жер деп, ренжиді.<br>Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе! Математика әлемінің білімпазы.Сіз ренжімеңіз менің балаларым өте ақылды.<br>Білімпаз: Сәлеметсіңдер ме,құрметті балалар!<br>Қош келдіңіздер!Математика әлеміне саяхаттап.Сендер келіп қалған екенсіңдер олай болса саяхат кезіндегі қызықты ойындармен бірге ойнайық.<br>Білімпаз балаларды экранға назарын аударады.<br>Экраннан пішіндер мен 1.2.3 ке дейінгі сандармен таныстырады.<br>Балалар сендер пішіндер мен сандарды естеріңе түсіре білдіңдер ма?<br>Балалар мына жерде сендерге ерекше жолдама беріліпті,сендер өз таңдауларың арқылы үш бағытқа бөлініп берілген ойындарды бірлесе ойнайық жарайма? | Балалар сәлемдеседі<br><br>Шеңберге тұрып іс-қыймыл арқылы жасайды.<br><br>Мұқият тыдайды.<br><br>Әрине |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Ал,сендер балалар өте ақылды тапқыр балаларсыңдар.<br>Саяхат туралы өлең шумақ<br>Саяхатқа шығамыз<br>Жаңа достар табамыз.<br>Жаңа ойындарды көріп<br>Жарқын әсер аламыз.<br><br>**1-үстелдегі балалар: сендерге берілген ойын.Д\О «Диірмен ойыны»**<br>**Ойынның шарты:** Балалардың ойлау қиялын қалыптастыру,түстеріне қарай геометриялық пішіндерді және сандарды сәйкестендіріп белгілеу.<br><br>**2-үстелдегі балалар:Д\О. «Пішін құрастыру»**<br>**Ойынның шарты:**<br>**Балалар** сендер қиялдарыңды ойлау қабілеттеріңді алдарыңда тұрған заттан пішіндер құрастырып шығуларың керек.Балалар қырқып жапсырылған кедергіден таяқшаны өткізу арқылы пішін құрау.<br><br>3-үстелдегі балалар: Д\О. «Кірпіге тікенектерін қадау»<br><br>**Ойынның шарты:** Балалар берілген кірпінің,нүктешелерін санай отырып ,нүктелеріне қарай сандарды орналастыру.<br>**-Ой менің ақылды балаларым сендерге ойын ұнады ма?** | Балалар мұқият қарайды.<br><br>Иә<br><br>Әрине<br><br>Балалар қуана қызыға ойнайды.<br><br>Ұнады<br><br>Қимыл іс-әрекет арқылы жасайды.<br><br>Балалар сергіп алады. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Олай болса балалар бойымызды сергітіп ,бойымызды жазып алайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Мен балақай болсам да,<br>Санды санай білемін.<br>Бақшамда бар торғайлар<br>Санап оны көремін.<br>1.2.3.деп<br>Санап бәрін айта алам<br>3.2.1.деп<br>Керсінше де айталам.<br>Көшелерде көп көлік.<br>Қызыл,жасыл,ақ,Қара<br>Үлгі болып бәріне<br>Мен санаймын сен қара.<br>1.2.3.деп<br>Санап бәрін айта алам<br>3.2.1. деп<br>Керісінше де айталам.<br>Балалар көңілдерің<br>көтеріліп қалды ма?.<br>Балалар келесі ойынымызды ойнап көрсек.<br>**Д\О: «Кім жылдам»**<br>**Ойынның шарты:** Музыка әуені қосылады,Тәрбиеші балаларға музыка әуені тоқтаған кезде.Санды немесе пішінді атайды.Балалар әр -санды және геометриялық пішіндерді тауып жасырады.<br><br>**Тәрбиеші:** - Ой ,балалар сендер ойынды керемет ойнай білдіңдер.<br>-Ал, балалар сендерге қызықты ойын ойнаған ұнады ма?<br>Математика әлемінде тағы да бір қызықты ойын бар екен. Ойынды ойнаймыз ба, балалар.<br>Д\О. «Тасбақаның тастарын тап»<br>Ойынның шарты: Алдарында тұрған ыдыста сұйықтық берілген, сендер сол сұйықтықты түтүкшемен үрлеп оның астында не жасырынғанын тауып тасбақаның үстіне орналастырамыз.<br>Ойынның шарты түсініктіме?<br>Сендер ақылды болып ойнай білсеңдер ,сендерге білімпаздың тосын сыйы бар екен.Олай болса іске сәт: | Балалар мұқият тыңдап ойынды ойнайды.<br><br>Балалар рыйза Ұнады ойын |
| **Жетекші – жөндеуші**: | **Қорытынды:**<br>Балалар сендер бүгін не істедіңдер?<br>-Сендер қайда бардыңдар балалар ?<br>-Неше ге дейін санадыңдар?<br>-Тағы немен таныстыңдар?<br>-Кімге қандай ойын ұнады?<br>-Бізді кім қарсы алды? | Біз бүгін пішіндермен және сандармен таныстық.<br><br>-саяхатқа математикаға. |

Scanned by TapScanner

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Математикалық мазмұндағы дидактикалық ойындарды біледі.

**Қалыптасқан түсініктер: Заттың түстерін ажыратады,пішіндерді ажырата біледі.Тура және кері санауды біліп үйренді.Ұзын және қысқа таяқшаларды заттың көмегімен, пішін жасап бейнелеуге болатынын түсініп қалыптастыра білді.**

**Орындаушылық қабілеті**: Тапсырмаларды түсініп ,қызығушылықтары артты.Шығармашылық қабілеттері артып шыңдалды.Саусақ бұлшық еттері дамып, қяалдары дамыды. Топпен қуана жұмыс жасауда өте белсенді.

Scanned by TapScanner